

ЖШС «Нұр-Тілек» бөбекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Әсее»

(тәрбиешілер арасында)

Өткізген: ересек тобы тәрбиешісі

2023-2024 оқу жылы

Эссе

«Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған тілін...»

«Туған жерім – кеңдігім,
Еркіндігім, елдігім.
Туған жерді жырлаймын
Мақтанышпен мен бүгін.»

Адам шыр етіп дүниеге келегеннен-ақ, оқ атылмаған таудың саф ауасын жұтып, бейбіт заманда өскен әр адам туған елім, кіндік тамған жерім деп, еркін өседі. Осылайша, Отанына, еліне, жеріне деген ризашылығы, махаббаты мен сүйіспеншілігі оянады.

Туған жер, осы сөзді естігенде жаны елжіремейтін бірде-бір адам жоқ шығар деп ойлаймын. Неткен киелі жер едің! Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан! Мен бұл сөзді аса бір мақтанышпен және асқақ сезіммен айта аламын. Қазақстан – ол біздің ортақ және кең байтақ, ата-бабамыздан қалған мекен иелігіміз. Қазір біз ата-бабаларымыздың ерлігі мен табандылығының арқасында тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Осыншалықты қиыншылықпен келген тәуелсіздігімізге бүгін де 31 жыл толып отыр. Еліміздің дамуы қарқынды түрде жүруде. Қазір мен әлі бала болсам да, менің еліме, жеріме, Қазақстаныма деген жоспарларым өте көп және мен оны жүзеге асыруға бар күшімді саламын.

Мен Қазақстанда өмір сүрген әр жанды бақытты деп айта аламын. Себебі, оның жері қазынаға бай ұлт өкілі бейбітшілікте өмір сүруде. Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы біздің еліміздің басты байлығы деп ойлаймын. Ол әрине, әу заманнан қазағымның өз жері секілді кеңдігінің, жомарттығының арқасы. Туған жер. Туған ел. Осы екі ғана «туған» және «жер» сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, ата-бабам дүниеге келген жер. Туған жердің тағдыры өз азаматтарының патриоттық сезімінің тереңдігі мен күшіне байланысты, сондықтан туған жерімде теріс пиғылды шетелдік азаматтардың талтандап жүргенін де қаламаймын.

Мен өз Отанымды, туған жеріміді, құдіретті елімді сүйемін. Атам қазақ «Елдің даңқын ері шығарады, ердің даңқын елі шығарады» деп айтқан. Қыз да болсам, ер азаматтай жерімді алақөздерден қорғап өтемін. Ал патриоттығымды білдіру үшін өз елімнің дамуына теңізге тамған тамшыдай болса да өз үлесімді қоссам деп ойлаймын.

Тәрбиеші: Дүзбаева Тұрсынай Серболатқызы

Эссе

«Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған тілін...»

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елі мен өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап ақ адамда отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін отан ошақ басынан басталады. Туған жер, туған көше, туған қала мен үшін туған жер. Менің отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат жер Жаркент қаласы. Дәл осы жерде менің көңілді де, шаттықты уайымсыз балалық шағым өтуде. Туған жерді ұзаққа қимайсың.

Сен әрқашан өзің бармасаң да, оймен қиялдап таған көшені, есіктің алдында «атаңның үйге кір деген» сөздері еске түсіресің. Жүректің әлсіз дүрсілі естіледі. Кәзір бой жеттім, бірақта өмір бойы мен үшін балалық шақтағы туған аула мен көшем менің кішкентай отаным. Сонымен бірге мен елімнің бір бөлшегімін, оның бүгіні мен болашағымын. Сонымен қатар, туған жерім қасиетті де құтты қоныс. Ол мені құшағында мәпелеп өсіріп қана қойған жоқ, тәлімін, тәрбиесін берді. Оның төсінде үйренгенім мен түйгенім көп. Ондағы жасыл түгі басылмаған керіліп жатқан керейшық кең дала мені сабырлық пен алмақтылыққа, кеңпейілділікке тәрбиелейді. Ай жанында тыныштық сыйлап, анда-санда әрлі-берлі сипап өтіп, қытырыңа тиетін, барары мен келер жері беймәлім ерке жел еркіндікке үйретсе, сыңғыр күлкісі еріксіз еліктіретін бұрымды өзен – ару бір байыппен сылдырап ағып, сабырлық пен байыптылыққа баулыды. Төбесі көкті тіліп бұлтпен сырласқан маңғаз таулардан рухани биіктікті, жайқалған жасыл желігінен өмірге сүйіспеншілікті, жылы жүзділікті қыбыр-жыбыры таусылмас жәндігінен еңбекқоршылықты үйрендім. Қарап тұрсақ адамдықтың өзін еңбегінің өтеуін сұрамайтын аңғал даладан үйренеді екенбіз. Туған жер төсінен жырақта жүріп, сағынып келіп құшағына ден қойғанда еріксіз елжіреп, тұла бойыңның шымырлайтындыقتан да туған топырағыңды аңсағаннан ғана емес оның көкейіңе салған адамдақ ұстанымын да сағынғандықтан болар.

Қорытындысына келсек, туған дала төсіне жүгіріп шығып, о шеті мен бұл шетіне көз жүгіртіп, айналана көз салсаң, ақиық ақын М. Мақатаев атамyzша «Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!»-демеске еш шараң қалмайтындай.

Амангожина Асем Адилжановна

Эссе

Тақырыбы: «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған тілін»

Менің туып өскен жерім — егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар жасайды. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, акындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен.

Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық»- деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау — әрбір азаматтың бірінші міндеті.

Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын. халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Халқымыздың осы бір қасиеті жанымызға ана сүтімен тарап, ана тілімен дарып, ақ нанымен бекуі тиіс. Өйткені Отан біз үшін оттан да ыстық. Қазақ тілінің күдіретін қанша сөзбен айтсақ та, оны жеткізу мүмкін емес. Кезінде талай ғалым, жазушы, зерттеушілер осы қазақ тілінің қандай көркем тіл екенін айтқан еді. Соның бірі Мелиоранский: «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар - шешен әрі әдемі сөйлеудің хас жебері... Қазақтар халық әдебиетіне аса бай әрі жан-жақты», - деген. Расымен де, қазақ тілі сүбелі сөзге, мақалға, шешендік сөздерге бай. Ана тіліңмен қатар басқа халықтың тілін білу сол елдің тіліне көшті деген сөз емес, ол адамның өз-өзін шыңдауы.

Мен өз сөзімді Бауыржан Момышұлының керемет бір сөзімен түйіндегім келеді. «Қазақ тілі өткірлігімен, бой балқытып, құлақ құрышын қандырып, жан жүйенді жандырып, ұғымын қонымды, жүрегіне тиімді... қысыл таян қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендей ерге, елге медет болып адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл...»

«Бәйтерек» ортаңғы тобының тәрбиешісі: Ембергенова А.Т

Эссе

Туған жерін сүйе алмаған , сүйе алар ма туған тілін.

Әр адам өз ата- анасына қарыз сияқты туған жерінің топырағына ауасына да қарыздар. Сондай- ақ, ананың сүтімен дарыған өз тіліміздің де алдында борышымыз бар. Тіл біздің қасиетті құралымыз. Оны құрметтеу, қастерлеу үлкен парыз. Ол парыз сол өзіңнің туған тілінде таза сөйлеу деген қарапайым әрекеттерден басталады.

Туған жер. Туған тіл. Осы екі ғана «тіл» және «жер» сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, ата-бабам дүниеге келген жері мен тілі. Туған жердің ,тілдің тағдыры өз азаматтарының патриоттық сезімінің тереңдігі мен күшіне байланысты, сондықтан туған жерімде теріс пиғылды,өз ана тілімізде сөйлемейтін азаматтардың жүргенін де қаламаймын.

Әр адам өз туып – өскен жерін тілін құрметтеп , ұлттық құндылықтарын сақтай білуі тиіс . Қазақ халқы : Елдің даңқын ер шығарады , ердің даңқын ел шығарады , - деп бекер айтпаған . Еліміздің елдігін , қазақ елінің өзіне тән ұлттық құндылықтарын әлемге паш етуге бізде өз үлесімізді қосуымыз керек ! Тәуелсіз елімізге жол сілтеуші –кеменгер елбасымыздың салихалы саясатының арқасы. Мен елімнің рухани жаңғырған мәңгілік ел болуына толығымен сенемін ! Туған жерімнің және қазақ тілінің гүлденіп өсіп өнуіне өркендеуіне тілектеспін

Иә, тіл тағдыры да адам тағдыры сияқты. Ол да небір зобалаңды басынан кешеді, оның да тамырына балта шабылатын тұстар бар. Аманатқа адал ұрпақ өз тіліне араша түсетін уақыт та болады. Менің ойымша, тілдің тағдырын қорғайтын саналы да текті ұрпақ бар болса, тіл мәңгі жасайды! Мен аманатты арқалаған ұрпақтың бір өкілімін.

Қоқашева Гүлайым Қожахмет-Ястауиқызы

Эссе

«Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін»

Менің туған жерім – бірлігі мен бейбітшілігі жарасқан, ынтымақ пенен достықтың мекені. Оның сарқыраған өзені мен көлдері, жайқалған жасыл шөп пен ормандары, асқар таулары, сайраған құстары, – осының бәрі, көз тоймас табиғаты, менің жаныма жақын, әрі ерекше ыстық.

Туған жер. Туған ел. Осы екі ғана «туған» және «жер» сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десенізші?! Ол – менің әлпештеген анам, аялап өсірген әкем, туған-туысым, ата-бабам дүниеге келген жер. Туған жердің түтіні де ыстық демекші, туған өлкенің топырағын басып, жылуын сезіну, әрбір талымен көрікті, мөлдір суымен, таза ауасымен бізді ерекше өзіне тартады. Әр адам өз туған жерін, елін қасиетті мекенін жанынан артық жақсы көруі керек. Мен үшін туған елім, жерім өте қымбат.

«Отан-отбасынан басталады», -деп дана халқымыз айтқандай отанды құрметтеу, туған жерге деген сүйіспеншілік отбасында, ошақ қасында берген тәрбиеден бастау алады. Сондықтан әр ата-ананың балаға берген тәрбиесі өскелең ұрпаққа, ел болашағына тигізер маңызы өте зор.

Осы отанды сүйіп өту кімге болмасын парыз әрі міндет.

Шөмішбай Сариев ақын айтқандай

Қазағым, туып өскен мекенім,

Қастерлеп сені мәңгі өтемін.

Туым да, далам да қазақ жері,

Жаса мәңгі, Жаса мәңгі қазақ елі, -деп ақын өз сүйіспеншілігін өлең жолдарымен білдірген.

Қорыта келгенде Отаным менің мақтанышым, абыройым. Бар әлем біздің елдің әсем-сұлу табиғатына, жер қойнауына, байлығына, халықтың бірлігіне қызыға да қызғана да қарайды. Ұлан байтақ даламыздың әсем табиғатына, сылдырлап аққан мөлдір бұлағына, өзені мен көлдеріне, биік-биік асқаралы таулары халқымыздың баға жетпес байлығы.

Тәрбиеші: Кетебаева Жанаргүл Өмірбекқызы